

**Жол – көлік колледжі**  
**Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі**

**Хаттама №**

28. 02.2025ж. Шымкент қаласы

Төраға: Х.Сарсенов

Хатшы: Г.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директорының м.а Б.Ешимов және директор орынбасарлары

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңестің I отырысын өткізу және 2025 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. *Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы*
2. 2024-2025 оқу жылының оқу процесі бойынша I жартыжылдық қорытындысы және II жартыжылдықтағы негізгі бағыт-бағдарлар  
*Жауапты колледж директорының ОӘІЖ орынбасары З.Шамшиметов*
3. 2024-2025 оқу жылында тәрбие бағыты бойынша I жартыжылдық қорытындысы, алдағы атқаратын жұмыстар және ата-ана мен колледж арасындағы байланыс туралы  
*Жауапты директордың ТІЖ орынбасары С.Алтынбеков*
4. Әлеуметтік санат тобындағы білім алушыларға көрсетілетін қаржылай көмек туралы  
*Жауапты білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова*
5. 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында педагог-психологтің атқарған жұмыстарының есебі  
*Жауапты білім беру ұйымының педагог-психологі С.Нұрлыбаева*
6. Әр түрлі мәселелер.

**1. Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары мен кеңес отырысының жоспарын таныстырды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жоспармен таныса келе, 2025 жылы үш отырыс өткізуді, әр отырыс кезінде білім беру ұйымы басшысы, педагог-психолог, әлеуметтік педагог тарапынан есептер беріліп отыруы керектігін ескертті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.Сарсенов екінші мәселе бойынша білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған колледж директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары З.Шамшиметовке сөз берді.

**2.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша колледж директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары З.Шамшиметов 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдық бойынша 89 оқу тобы I семестрді аяқтап, сессияға 1679 оқушы қатысқанын, осы 1679 студенттің ішінде I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсетіп, тек «өте жақсыға» оқып, сабақтан мүлде қалмаған 5 студентке стипендиясына 15 пайыз үстемақы тағайындалғанын, колледж бойынша үлгерім 99 пайыз, ал білім сапасы, (яғни «4» пен «5»-ке оқитындар саны) 84 пайызды құрағанын, себепсіз жіберілген сағаттар 29992, бір оқушыға шаққанда 18 сағатты құрағанын айтып, жеке-жеке курстар бойынша тоқталып өтті. I курс бойынша үлгерім – 99 пайыз, білім сапасы – 82 пайызды құрап, бір оқушыға шаққанда жіберілген сағат саны 18 сағат, 6 студент сынақ-емтихандардан қарызы бар екенін, ТМ9-241 (топ жетекшісі Д.Сүлейменов), ТМ9-243 (Ж.Баяш), ТМ9-245 (Д.Орынбасар), ТМ9-246 (А.Мәлік), ТМ9-247 (Р.Сырымбетов) сабаққа қатысу бойынша төмен нәтиже, ал білім сапасы бойынша төмен көрсеткішті Д.Сүлейменов, Г.Саханова, Г.Кумек, А.Наурызбаева, М.Ермектердің тобы көрсеткенін айтты.

Екінші курс бойынша төмендегі топтардың үлгерімі – 100 пайыз, білім сапасы – 85 пайызды құрап, бір оқушыға шаққанда жіберілген сағат саны 19 сағат. І студенттің сынақ-емтихандардан қарызы бар екенін айтты.

1. ТМ9-231; топ жетекшісі Әбілқасым Әлия;
2. ТМ9-232; топ жетекшісі Н.Ордабек ;
3. ТМ9-234, топ жетекшісі А.Маликова;
4. ТМ9-239; топ жетекшісі А.Сейдуалы;
5. ТМ9-230; топ жетекшісі С.Уртаев;
6. ЖМ-241, топ жетекшісі Н.Өндірбай;
7. ТҰРАТ-241; топ жетекшісі А.Усенбаева, осы топтардың сабаққа қатысу көрсеткіштері төмен, ал білім сапасы бойынша, Н.Ордабектің, А.Сейдуалының, Д.Жұмашбекованың САД9-231 топтарының көрсеткіші төмен екенін айтты.

Үшінші курс бойынша төмендегі топтардың үлгерімі – 100 пайыз, білім сапасы – 83 пайызды құрап, бір оқушыға шаққанда жіберілген сағат саны 19 сағатты құрады.

1. ТМ9-223; топ жетекшісі С. Орынбасар;
2. ТМ-232; топ жетекшісі Ж.Қуанышбекова;
3. АЭ9-222, топ жетекшісі Е.Қиянбеков;
4. АЭ9-224; топ жетекшісі Н.Билеров;
5. АЭ9-225; топ жетекшісі Б.Тәжібек;
6. МС9-221, топ жетекшісі Н.Қаниалы;
7. САД9-221, топ жетекшісі Ж.Бейсембаев;
8. ОДД9-222, топ жетекшісі М.Әділбек
9. ТҰРАТ-241; топ жетекшісі А.Усенбаева

Жоғарыда аталған топтардың сабаққа қатысу деңгейі төмен, ал білім сапасы бойынша Н.Билеров, Н.Қаниалы, С.Әділұлының ОПУЖТ9-222 топтарының деңгейі төмен екенін айтты.

Төртінші курс бойынша төмендегі топтардың үлгерімі – 100 пайыз, білім сапасы – 92 пайызды құрады, бір оқушыға шаққанда жіберілген сағат саны 15-ті құрады.

1. ДМ9-211; топ жетекшісі А.Бадаева;
2. ДМ-221; топ жетекшісі Ж.Кененбаев;
3. ОДД9-211, топ жетекшісі А.Пердебек;
4. АТУЖТ9-211; топ жетекшісі Г.Муханова

2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы білім сапасы мен үлгерімі бойынша мәліметтерге жекелей тоқтала келе, оқытушылардың тарапынан туындаған сұрақтарға жауап беріп өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты колледждің жұмыс жоспары түзілгенін, сол жоспарға сәйкес ІІ жартыжылдықта негізгі бағыт-бағдарларды атап айтып өтті:

- арнайы пән оқытушыларының 50 ашық сабағы;
- 10 шеберлік сынып өткізу және 500-ден аса мектеп оқушыларын қамти отырып, жергілікті кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру;
- жұмысшы мамандықтары бойынша дағдылар мен біліктіліктерді анықтау мақсатында 500 оқушыны кәсіптік бағдармен қамту, білім беру ұйымдарында «Jas Skills», «Junior Skills» кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу;
- қаладағы кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша ТЖКБ ұйымдарына оқуға түсушілердің санын 50 арттыру;
- көлік саласындағы жұмысшы кәсіптердің өкілдеріне құрмет көрсету мақсатында 2025 жылдың 28-30 қазан күндері Автомобилист күнін атап өту;
- «Біз сіздермен мақтанамыз» атты өз кәсібінің үздігі болған жұмысшы мамандардың қатысуымен колледждің үздік студенттерінің слетін өткізу;
- «НаурызFest» жұмысшы мамандықтар фестивалін өткізу.

**1.1.Тыңдалды:** Камқоршылық кеңес мүшесі М.Дабылова бірінші мәселе бойынша берілген мәліметтерден колледжде атқарылатын жұмыстардың өте ауқымды екенін, қазіргі таңда білектің күшіне емес, білімнің күшіне сену керектігін, сол үшін ең бірінші кезекте білім сапасына мән беру керектігін айтып өтті.

**2.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Алтынбеков 2024-2025 оқу жылының тәрбие бағыты бойынша I жартыжылдық қорытындысы және II жартыжылдықтағы негізгі бағыт-бағдарлар бойынша айтып өтті. Жаңа оқу жылы ҚР Конституциясы күні мен Білім күніне арналған салтанатты жиынмен басталғанын, бекітілген жылдық жоспарға сәйкес барлық даталы күндер аталып, мерекелік іс-шаралар мен түрлі тақырыпта топ сағаттары өткізіліп жатқанын, колледж аумағында тәртіпті қадағалау мақсатында оқытушылардан шұғыл жасақ отряды құрылып, өздеріне бөлініп берілген территорияда жұмыс жасап жатқанын, жыл сайынғы ҚР Президентінің Жолдауына қолдау білдіру, қазақстандық патриотизм, құқық қорғау органдарымен, дін өкілдерімен, медицина қызметкерлерімен өткізілген кездесулер, дөңгелек стол, сұхбаттар, психологиялық және әлеуметтік тренинг-семинарлар, жалпы айтқанда барлық өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланып отырғанын, Шымкент қалалық "Адалдық алаңы" жобалық кеңсесінің, «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан іс-шараларға колледж студенттері белсенді түрде қатысып жатқанын, қыркүйек айында Шымкент қаласы Тұран ауданының заң қызметкерлерінің қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жаңадан қабылданған оқушылармен жиналыс өткізіліп, ішкі тәртіп ережесімен таныстырылғанын айта келе, 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдықта өткізілген іс-шараларға тоқталып өтті (баяндама тіркелді).

### **3.Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі келесі мәселе - колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық (камқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржы мәселесі туралы колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдықта колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, 2024-2025 оқу жылы бойынша төмендегі мәліметтермен арнайы слайд арқылы таныстырып өтті.

| 2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша әлеуметтік көмек алатын оқушылар саны |                 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
| Қаулысының негізінде                                                                      | Саны            |
| Аз қамтылған және толық емес отбасының шыққандар                                          | 96 білім алушы  |
| Даму мүмкіндігі шектеулі                                                                  | 7 білім алушы   |
| Жұмысшы мамандықтар бойынша                                                               | 192 білім алушы |
| Жетім балалар                                                                             | 9 білім алушы   |
| Қамқоршысы бар                                                                            | 6 білім алушы   |
| Жас өспірімдер үйінде                                                                     | 3 білім алушы   |
| Барлығы                                                                                   | 929 білім алушы |

## 2024-2025 оқу жылы бойынша әлеуметтік көмек түрлері

|                                               |                    |
|-----------------------------------------------|--------------------|
| Ыстық тамаққа күндігіне(тұл жетім) оқушыларға | 1980 теңге 85 тиын |
|-----------------------------------------------|--------------------|

|                                    |                   |
|------------------------------------|-------------------|
| Ыстық тамаққа күндігіне оқушыларға | 792 теңге 34 тиын |
|------------------------------------|-------------------|

Колледжде білім алушыларға тамақ орнына ыстық тамақтың құнымен толық ақшалай, өтемақы төленеді, яғни білім беру гранты бойынша білім алатын студенттерге олардың банкте ашылған ағымдағы шоттарына ақшалай аударылады.

|                                 |              |
|---------------------------------|--------------|
| Стипендия орта буын мамандарына | 41 896 теңге |
|---------------------------------|--------------|

|                     |              |
|---------------------|--------------|
| Жұмысшы мамандарына | 43 574 теңге |
|---------------------|--------------|

Сонымен қатар камкорлықтағы оқушылардың отбасылық және тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында колледждің педагог-психологімен бірге тұрғылықты мекен-жайларына барып, әлеуметтік жағдайымен танысып қайтқандары жөнінде айтып өтті.

**4.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша білім беру ұйымының педагог-психологі С.Нұрымбетова 2024-2025 оқу жылының бірінші жартысында атқарған жұмыстарының есебін берді. Жастар мен жасөспірімдер арасында деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу жұмыстары бойынша қыркүйек айында 1-2 курс білім алушыларының колледжде бейімделуі бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілгенін, ата-ана мен білім алушылар арасында отбасындағы дағдарыстың алдын-алу мақсатында ата-аналарға жиналыс өткізілгенін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру, шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг мәселесі талқыланып, баланы қайғылы жағдайларға итермелеуі мүмкін кітаптар мен сайттар, әлеуметтік желілердегі алаяқтық әрекеттер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтып өтті.

**5.Тыңдалды:** Камкоршылық кеңесінің төрағасы Х.Сарсенов әрбір адамның өз құқығын жақсы білуі, қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптай алуы оның құқықтық сауаттылығымен тікелей байланысты екенін, заман ағымына сай заңдар жүйесіне де өзгерістер енгізіліп тұратынын, оқытушылар да, білім алушылар да осы ағымнан қалмай, қатар жүруге үйренуі тиіс екенін, себебі, біздің өз құқығымыз бен заңды жетік білуімізден жауапкершіліктің туындайтынын айта келе, білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын заңдар, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, жалпы нормативтік құжаттарды таныстырылып, талқылануы керектігін ескертті.

#### 6.1.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

#### Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары мен кеңес отырысының жоспары бекітілсін.
3. Колледж директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары З.Шамшиметовтың жасаған баяндамасы ескерілсін.
4. Колледжде кәсіби бағдар беру жұмыстары үздіксіз жалғастырылсын. *Жауапкершілік колледж директорының м.а Б.Ешимовке жүктелсін.*
5. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
6. Білім беру ұйымының педатог-психологінің жасаған баяндамасы ескерілсін. білім алушының білім алушы жеке тұлғасының психологиялық-педагогикалық зерттеуін ұйымдастыруы, білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.
7. Қамқоршылық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.*

#### Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Байзахова Сабира Мұратқызы 
2. Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы 
3. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы
4. Баймұратов Мусирали Нуранбаевич 
5. Қалдыбаева Динара Жусуповна 
6. Дабылова Марал Алдабергенқызы 
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна 
8. Аширова Камшат Шекербековна 

Кеңес төрағасы



Х.Сарсенов

Хатшы



Г.Тажибекова